

Жаз кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулық

1. Күн сайын серуенге шықпас бұрын учаскелерді улы саңырауқұлақтардың, өсімдіктердің, қауіпті заттардың (сынған шыны, тас, шегелері шығып тұрған тақтай, қураған ағаштар) жоқтығына тексеру керек. Балаларға жалаң аяқ жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет.
2. Күнделікті учаскеге су себу керек (балалар келгенге дейін және күндізгі ұйқы кезінде).
3. Күнделікті дәлізді, учаскедегі жабдықты, ойыншықтарды жуу керек.
4. Құм жәшігі көлеңке жерде тұруы, қақпағы болуы тиіс, құм таза әрі ылғалды болуы тиіс, оны мерзім сайын күрекпен араластырып тұру керек.
5. Жылы кезде балаларды қабылдау көшеде жүргізіледі, ата-аналар мен оларды алмастыратын тұлғалар балаларды тәрбиешінің қолына тапсыруы тиіс.
6. Таңғы қабылдау кезінде тәрбиеші балалардың сырқатын анықтауы тиіс.
7. Ата-аналардың тәрбиешіге ескертпей балаларын алып кетуіне, және мұны 16 жасқа толмаған жасөспірімдерге тапсыруына болмайды. Тәрбиеші ата-анасы баланы алып кетуді тапсыратын барлық адаммен алдын ала келісу және танысу арқылы олардың бәрін білуі тиіс.
8. Серуендеу ұйымдастырғанда балалардың нақты санын біліп, мерзім сайын оларды санап отыру керек.
9. Тәрбиешілер үнемі балаларды бақылауға, оларды қараусыз қалдырмауға, бөтен адамдарға, ата-аналарға уақытша қарап тұруды тапсырмауға тиіс.
10. Бала өз бетімен кетіп қалған жағдайда қызметкерлерді дереу оны іздеуге жіберіп, орын алған оқиғаны жақын жердегі полиция бөлімшесіне хабарлауы тиіс.
11. Жаз кезінде балалар жеңіл бас киім мен жұқа киім киюі тиіс. Аяқ киімінің ілгегі болуы тиіс.
12. Қызып кетудің алғашқы белгілерінде (беттің қызаруы, тершеңдік) баланы дереу көлеңкеге апарып, жуындырып, су беру керек.
13. Су ішу режимін сақтау керек, серуенге қайнаған су, баланың санына қарай кесе алып шығу керек (тәрбиеші көмекшісінің міндеті).
14. Сезімталдығы жоғары немесе терісі ақшыл нәзік балалар көлеңкеде жүруі тиіс, күн ваннасының орнына ауа ваннасын қабылдауы тиіс.
15. Әр топта алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған қобдиша болуы тиіс (мақта, йод, бриллиант жасыл ерітіндісі, мүсәтір спирті).
16. Жуыну кезінде, ұйықтар алдында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек: тор, кілемшелер.
17. Орамалдар мен төсек-орынның тазалығын бақылап, кірлегенде ауыстыруы тиіс.
18. Балалардың жеке гигиенасын бақылауы тиіс.
19. Балалардың өсімдіктерді, жидектерді, саңырауқұлақтарды, шөптерді және т. б. ауызға салмауын және жемеуін қатаң бақылау керек. Балаларға жеуге жарамайтын өсімдіктерді жеуге жарайтындарынан ажырата білуді үйрету, улану қаупін түсіндіру қажет.
20. Балабақша ғимаратының температуралық және ауа режимдерін бақылау керек, балалар болғанда өкпек желдетуге жол бермеу керек.